



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

УДК 7. 745/749

ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕРДІ ДАМУ ЖАСТАРДЫҢ ПАТРИОТТЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІНЕ САЯДЫ

Әбілғазина Назерке Дәуренқызы

naza_2504@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі –Т.Б. Батанов

Қазіргі таңда ұлттық өнердің қоғамдағы алатын орны үлкен. Қалқымыз бұрынғы заманнан бері сан алуан қолөнер түрлерін ашып келгені шындық. Сол арқылы өткені мен бүгінгісін байланыстырып, оны бүгінгі талабымен ұштастыруға құлшынуда.

Қазір Қазақстанда ұлттық сана-сезімді қалыптастыру арқылы мемлекеттік сәйкестілікті сақтауға бағытталған білім берудің өзіндік ұлттық үлгісін жасаудың қажеттілігі туды. Дәстүр – әр ұлт халқының өзіндік салт-санасы, ғылыми көз-қарасы, демократиялық ой-пікірі, әдет-ғұрпы, мәдениеті, рухани байлығы. Бүгінгі мәселе қолөнердің тәрбиелік маңызын насихаттап, студенттерге білім берудің қазіргі кезеңдегі деңгейіне сәйкес лайықтау болып отыр [1].

Қолөнер – ғасырлар бойы дамып, қалыптасып келе жатқан халық шығармашылығы. Ол уақыт өте келе түрленіп, жаңарып, атадан балаға мұра боп жалғасып бізге жетті. Сол арқылы біз одан үлкен рухани, эстетикалық тәлім алып, өнер әлеміне қанат қағамыз. Мейлі қандай өнер туындысы болсын белгілі бір дәуірде өмір сүрген халықтың тұрмыс-тіршілігін бейнелейді. Ал адамдар өздерінің асқақ арманын, табиғатты, ішкі жан-сезімін осы өнер арқылы білдірген. Соған қарап-ақ бір халықтың тарихын, салт-санасын білуге болады.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында Қазақ елінің жарқын келешегін Мәңгілік ел идеясынан өрістете айқындап, «Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз мемлекет атану еді. Ол арман – тұрмысы бай-қуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу еді. Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік елдің іргетасын қаладық. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік ел идеясы» деп нақты бағдарлы мақсат жолын алға тартты [2].

Мәңгілік Ел ұлттық идеясының негізгі мәні – мәңгілік мақсат-мұраттарымыз бен мәдени-рухани құндылықтарымызға негізделген. Сондықтан ғылыми білім беруде, «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы негізінде ойға ой қосу арқылы өткенімізден сабақ ала отырып, болашағымызды баянды ету жолындағы мұраттарымызға жетеміз. Мәңгілік елдің материалдық тұғыры өрісті экономикасы болса, рухани тұғыры – өркенді мәдениеті. Сан тарау салалардан түзілетін ұлт мәдениетінің мәйекті арнасы – бағзы-бағзы күндерден бері үзілмей жалғасып келе жатқан дәстүрлі өнері.

Қолөнер қашанда заман, өмір ағымынан туындап, дамып отырады. Қазақ қолөнерінің өсу жолы өзіне тән даму тарихы бар. Ол тарих сонау көне замандардан басталады. Қазақ халқы осынау ұлан-байтақ даладағы ертеден келе жатқан көне мәдениеттің тікелей мұрагері ғана емес, сол дәстүрлерді дамытушы, жаңғыртып байытушы. Ата-бабадан қалған көнекөз асыл мұра – қазақтың ұлттық қолөнеріне деген ықылас сонау ғасырлардан бері өз ерекшелігін жойған емес. Ұлы Жібек жолын бойлай өтіп, айшылық алыс елдерді көшпенділер мәдениетімен, салт-дәстүрімен таныстырып, қазақ даласын әлем жұртына паш етуге үлес қосқан да осы ұлтымыздың қолөнер туындылары десек артық айтқандық емес. Алайда өмір салты өзгере келе, біз төл туындымыздың небір асылынан, небір жауһарынан

айырылып қала жаздаған кезіміз жоқ емес. Ел ішінен білек сыбана шыққан білікті мамандар, майталман шеберлер болмағанда ұлттық дәстүріміздің, ұлттық бірегейлігіміздің осынау белгісін жоғалтып алуымыз ғажап емес еді [3].

Археологиялық қазбалар арқылы күні бүгінге дейін жетіп, мәдени мұраға айналған қолөнер туындыларын халық мәдениетінің бастауы деп білеміз. Атадан балаға мирас болып қалған ұлттық қолөнер дәстүрінің тамыры тереңде. Қазіргі көркем кәсіпшілік өндірісі де сол халықтық дәстүрлерден нәр алып отыр.

Жастардың ұлттық өнерге деген белсенділігін арттыру шараларын жиі ұйымдастыру барысында мұражайларға баруды жиілетіп, қолданбалы өнер бұйымдарын жинап әрі насихаттап, отандық өндірісте қолданылуды күшейту керек.

Ою-өрнек қазақ қолөнерінде тек қосалқы рөл атқарып қана қоймай, олардың ежелден төтемдік және символдық мәні болғанын осы саланы алғаш зерттеген қазақ ғалымы Т. Бәсенов қазақ мәдениетінің мәдени шежіресі болып табылатын ою-өрнек жайлы құнды пікірлер қалдырды. Қазақ оюының араб, иран, византия оюларынан басты айырмашылығы – ою-өрнектің әрбір элементі жеке дара күйінде бейнеленген. Қазір егемен елдің қолөнер туындылары басқа қырынан жаңаша көрініс тапты, ол жаңа түрге, жаңа мазмұнға ие болды деп сипаттаса, Ұ. Әбдіғапбарова: «Қазақ ұлттық ою-өрнегі дегеніміз – адам өміріне қажетті заттарды, бұйымдарды, архитектуралық құрылыстарды сәндеуде, халықтың тыныс-тіршілігін, қоршаған ортаға көзқарасын, одан алған эмоционалдық-эстетикалық әсерін және ой-арманын, тілек-мүддесін әсем талғаммен өзара үйлесімділікте бейнелі жеткізуге ықпал ететін нақыштар» – деп ой тұжырымдайды [4].

Әр халықтың жылдар бойы жинақталып, белгілі бір жүйеге түскен ұлттық мәдениетті бар. Мол рухани мәдениетінің маңызды бір саласы – қолөнер. Жаңа қоғамның рухани тәжірибесін образ түрінде бейнелейтін туындылар жастарға тәрбие беріп, ұрпаққа ықпал жасау арқылы дәуірді жалғастырып келеді.

Ұлттық өнер мен дәстүрді тек нарық пен кәсіп үшін ғана емес, оны жас ұрпақтың бойына сіңіру, үйрету және өз елінің, халқының өнерін өзінен кейінгі ұрпаққа паш ете алатындай дәрежеде күш салу керек. Көз жеткізген адамға ұлттық қолөнер бұйымдарына салынған әр түрлі ою-өрнектер адамзат дүниесінің табиғатпен біте қайнасқан қарым-қатынасын, бөлінбес бірлігін көруге болады. Ұлттық қолөнер шеберлері табиғат сұлулығын өнер туындыларына арқау ете білген. Осы туындылардың бетіндегі ширатыла түскен ғажайып өрнектер ақтарыла сыр шертетіндей. Үздіксіз дамудың нәтижесінде қазақ халқының дәстүрлі қолөнері өз дамуында жоғары деңгейге көтерілді [5].

Халқымыз қолөнерді бағалай білген. Кей жерлерде ұмытыла бастаған сияқты. Қазіргі дизайнерлер, суретшілер қазақша ұлттық нақыштағы ою-өрнектерді өз жұмысына көп қолданбайды. Сыртқы жарнамада, үй жиһазында, үй интерьерінде де аз. Көпшілігі европалық немесе шығыстық (Қытайлық) стильді таңдайды. Бұған себеп дизайнердің тұтынушыға ұсынатын стилі де осындай. Ұлттық стилдегі ұсынысы болмаса, ол үйлесімсіз, көңілге қонымсыз болып келеді. Дизайн мамандығына «Қазақтың ұлттық мәдениеті» немесе «Қазақтың ұлттық қолөнері» деген пән енгізіліп, тәжірибелік тапсырмалары тақырыпқа сай болса, бейнелеу өнерінің мәртебесін көтеру, халқымыздың қолданбалы қолөнерін барлық мектептер мен жоғары оқу орындары да жүйелі түрде оқытуды енгізу – тығырықтан шығар жол. Біз бұдан не ұтамыз? Меніңше біріншіден, жас ұрпақтың ұлттық сана сезімін қалыптастырамыз; Екіншіден, жас таланттың жолын ерте ашамыз; Үшіншіден, өнерге баға беруші қарапайым халықтың өнерге деген көзқарасын тереңдетеміз. Бүгінгі таңда қолөнер, ою-өрнек туралы танымдық кітаптар бар болғанымен қол жетімсіз. Оқу орындарында қолөнерге қызығатын жастар көп. Алайда оларға үйрететін, жол көрсететін білікті ұстаз саусақпен санарлық [6].

Айтылған мәселелер шешімін табу үшін біріншіден, суретші-ұстаздардың кәсіби дайындығын, білім беру сапасын арттыру; Екіншіден, суретші-ұстаздардың материалдық жағдайын қамтамасыз ету және қоғамдағы статусын яғни заңды құқығын көтеру керек;

үшіншіден, ұлттық өнер мен мәдениетке деген қамқорлықты күшейту және мемлекет тарапынан қаржылай көмекті күшейту қажет.

Қазіргі өркениетті қоғам мен құқылы мемлекеттің гүлдене түсуі өскелең ұрпақтың байлығы мен мәдениеттілігінен, еркін ойлау қабілеті мен шығармашылығынан, кәсіби біліктілігінен бөле қарай алмаймыз.

Эстетикалық мәдениеті дұрыс қалыптаспаған адам ғылымда, саясатта және қоғамда өзгелермен тіл табысуда мәдениетті түрде әрекет жасай алмайды. Сондықтан қазірден мектеп оқушыларынан бастап студенттердің ойлау, эмоционалдық сезімдерді қалыптастыру, экологиялық, патриоттық тәрбиелер ауадай қажет, бұл осы бейнелеу өнері, ұлттық қол өнеріміз бен мәдениеттің қатысуынсыз жеткізу мүмкін емес.

Қолөнердің дәуірден-дәуірге жалғаса, қасиетті қолөнер туындыларының тінінен ажырамай жетуінде ел қаншалықты маңызды рөл атқарса, екінші жағынан, елдің еңсесі түспей, ұлттық қасиетті жоғалтпай, асқақ рухынан ажырамай, ұрпақтан ұрпаққа елдік қасиетін сақтай ұласуында қолөнердің де маңызды орын иеленгені даусыз. Әр дәуірден өткен сайын салт-дәстүр, өнер қалыптасу, даму сатыларын бастан кешіреді. Оның озық үлгілері ұрпақтан-ұрпаққа көшіп, біздің дәуірімізге жетті. Сондықтан да ұлттық сананы оятып, ұлтымыздың өткен тарихына, болашағына көз жіберуіміз керек. Мәдениетке тек білім арқылы жетуге болады. Олай болса жасарымызға білім беру арқылы қолөнер түрлерін үйретіп, жан-жақтылыққа баулу әбзал [7].

Қазіргі таңдағы білім беру саласындағы саясат – тарихи өзінің қажеттілігін дәлелдеген, адам мен табиғат арасындағы ғасырлар бойы сақталған дәстүрлі құндылықтар мен мәдениеттегі жаңа бағыт-бағдарды сақтау мен оны қайта жаңғырту тұрғысында қарастыру.

Асылы ұлттық мәдениеттің болмыс бітімі ұлттық рухпен біте қайнасып жатқан құбылыс. Рухы күшті ұлттың мәдениеті де өзгеше. Мәдениеттің өзегі, оның өзіндік даму дәрежесінің көрсеткіші болып табылатын дәстүр мен жаңашылдық сипаты, сырт әсерге берілгіштігі де мұндай рухы күшті ұлттардың мәдениетінде тіршілікке лайық үйлесімін тапқан.

Ұлттық қолөнерге тән ерекшеліктер оның айналадағы ортамен, өмірмен, еңбекпен тығыз байланыста болуы. Ұлттық қолөнердің әлеуметтік-тәрбиелік рөлі тек оның туындыларының өзіндік көркемдік, эстетикалық құндылығымен бағаланбайды, сонымен қатар адамның өз заманына сай талғамын білдіруінен, өткендегі мәдениетпен, ұлттық дәстүрлермен сабақтастығынан көрінеді. Қазақ халқының ұрпақ тәрбиелеу дәстүрі отбасындағы еңбек тәрбиесінде негізделген. Кәсіп пен өнердің түрлері олар үшін күнкөріс көзі ғана емес, рухани қажеттілік тәрбие құралы да болған. Отбасындағы еңбек тәрбиесі екі түрлі мақсатта: баланы еңбек етуге, қабілет, икем дағдысын дамытуға немесе сол негізде оның бойында халықтық ізгі қасиеттерді дарытуға бағытталған. Балалардың отбасындағы еңбек дағдыларын одан әрі дамытуға елге танымал өнер мен кәсіп шеберлерінің халықтық тәрбиеші ретіндегі тәрбиелеу ықпалы зор болған. Халқымыз тек қана еңбек тәрбиесі емес, әр алуан саладағы тәрбиеге көңіл бөліп, оны алуан жолмен берудегі дағдыға енгізген.

«Жастары жалын жүректі, өршіл намысты, биік рухты болса, ол елдің еңсесі де биік болады» – деп Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев өз Жолдауында атап кеткендей, ендігі кезекте, Мәңгілік елдің мәңгілік болуы мына біз – жастардың қолында. Әрбір азамат ұлт жанашыры ретінде ұлттық құндылықтарымызды бағалай білсе, онда еліміздің өзге елдер арасында мерейі мен мәртебесі, атағы мен тұғыры биік болмақ!

Бұл – өнер мен қазақ болмысы ажырамайтын бір тұтас екенін айғақтайды. Қолөнер – ұлттық рухтың сақтаушысы әрі қозғаушы күші, сондай-ақ оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші алтын көпір. Ол шебер жандардың қолында өрістеп, жүрек жылуына бөленіп жетіле беруі тиіс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Т.Н.Мальковская Воспитание учащихся в процессе трудового обучения. М.:Просвещение, 1976.

2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан болашағы қоғамының идеялық бірлігінде.-Алматы, 1993.
3. Қ. Әмірғазин. Қазақ қол өнері. Алматы. «Дайк пресс».,2004.
4. "Қазақстан" ұлттық энциклопедиясы, Алматы, "Қазақ энциклопедиясы", 1998. 5-том
5. «Энциклопедия» Алматы кітап 2003 М.Ш.Әмірбекова
6. «Хабаршы» журналы №1 (6) Алматы,и 2005.
7. С.Асанова, А.Птицина., Қазақ ұлттық киімдері және қолөнері тарихы. «Фолиант» Астана.2008.

УДК 721.012

КРАСОТА КАК НЕОТЪЕМЛЕМАЯ СОСТАВЛЯЮЩАЯ ПРЕДМЕТНО-ПРОСТРАНСТВЕННОЙ СРЕДЫ

Байганова Аксана Сериковна, Жаксылыкова Амина Жалгасовна

aksanabs@mail.ru amina_96.kz@mail.ru

Актюбинский региональный государственный университет им К.Жубанова, Актөбе,
Казахстан

Научный руководитель – А.А. Сагымбаев

На протяжении всей истории развития человечества индивидиум окружал себя полезными, функциональными и красивыми вещами. Причем понятия "красота" и "функция" в предметном дизайне слились воедино, примером чему служат архитектура и декоративно-прикладное искусство с богатейшей историей их развития.

Одним из актуальных направлений современного отечественного дизайна является поиск его художественной самоидентификации и национального самоопределения. На этом этапе можно наблюдать все увеличивающуюся тенденцию неуклонного сближения дизайна по своим качествам с искусством. Поэтому не случайно в дизайне появление новых категорий, таких как метафора, которая обогащает объект смысловым художественным содержанием, помогает восприятию или наоборот, усложняет его.

Казахстан - земля древней цивилизации Евразийского континента, где на протяжении веков возникали, гибли и вновь восставали из пепла могущественные империи и государства. Здесь проходили важнейшие торговые пути, связывающие Восток и Запад.

Казахский народ волей истории оказался на стыке восточной и западной культур, в результате чего образовался некий синтез, основу которого составляют тюркские корни, но при этом также ощутимо европейское влияние, осуществлявшееся через Россию.



Рис 1. Казахская юрта

Юрта - традиционное жилище кочевников. Она быстро устанавливается и разбирается, легко перевозится на верблюдах и лошадях, ее войлочное покрытие не пропускает струи